

Маңырақ ауылындағы атауы жоқ көшеге атау беру туралы

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Маңырақ ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 22 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 27 қаңтарда № 3659 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабы 2 тармағына сәйкес, 2014 жылғы 3 қыркүйектегі Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссияның қорытындысы негізінде және ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, Маңырақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Маңырақ ауылдық округінің Маңырақ ауылындағы атауы жоқ көшеге – "Қабден Күсемісов" атауы берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Маңырақ ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Н.Абдрахбановаға жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Маңырақ ауылдық округінің әкімі	А.Қожахметов
---------------------------------	--------------